

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 - летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Б.2 - Б.181-184

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

*Кеңес Г.,
Ораз А.*

Шағын және орта бизнесті дамыту, оны қаржыландыру көптеген маңызды мәселелерді шешеді: экономикалық белсенді халық үлесінің өсуіне, салыстырмалы түрде күрделі шығындар қажет етпейтін, әсіресе қызмет көрсету саласында жаңа жұмыс орындарын құруға, қызметкерлерді, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдерін жұмысқа орналастыруға, технологиялық, техникалық және ұйымдастырушылық жаңалықтарды әзірлеу және енгізуге, өндірушілердің монополиясын жоюға, бәсекелестік орта құруға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, материалдық, қаржылық және табиғи ресурстарды талап етілмеген жағдайда жұмылдыруға, оларды неғұрлым тиімді пайдалануға, экономиканың түрлі секторлары арасындағы өзара байланысты жақсартуға қол жеткіздіреді.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін неғұрлым күрделі проблемалардың бірі субъектілердің басым бөлігінде меншікті инвестициялық және айналым қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының болмауы болып табылады. Банктер шағын кәсіпкерліктің кепіл қабілеттілігінің төмен болуына байланысты қарыздар бойынша пайыздық ставканы ұлғайту жолымен тәуекелдің құнын кредиттерге ауыстыруға мәжбүр.

Нарықты экономикаға бет бұрған елдер үшін АҚШ – тағы шағын бизнесті дамыту тәжірибесі үлкен маңызы бар. АҚШ-та тіркелген кәсіпорындардың 97%-ына жуығы шағын кәсіпорындар. Бұл шағын кәсіпорындар жалпы ұлттық өнімнің 53%-ына, бөлшек сауданың 72%-ына, қызмет саласының 57%-ына ие болып тұр. АҚШ-та шағын бизнес қоғамда кәсіпкерлік, бәсекелестік атмосферасын дамытуға үлкен үлес қосады. Мемлекет тарапынан болатын шектеулер кәсіпкерлікке кедергі келтіреді. Сондықтан АҚШ конгресі шағын бизнеске тікелей бақылау жасайды. Конгресс шағын бизнесті қолдау және дамыту мақсатында бірнеше программа жасайды.

АҚШ-та шағын бизнесті қолдаудың мынадай мемлекеттік жүйелері бар: бюджеттен тікелей дотациялау, мемлекеттік тапсырыстардың бір үлесін шағын кәсіп орындарда орналастыру, шағын бизнеске несие беру кезінде мемлекеттік кепілді қолдану, шағын бизнеске салықтық жеңілдіктер беру.

АҚШ-та шағын бизнесті несиелендіру шағын бизнесті несиелендіру әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады. Ал, Германияда шағын кәсіпкерлікті несиелендіру жолдары банк арқылы жүргізіледі.

Ұлыбританияның тәжірибелеріне сүйенетін болсақ, қаржылық - несиелендіру көптеген несиелік мекемелер арқылы іске асырылады. Мысал ретінде, «қаржылық өндірістік және сауда кәсіпорындары» корпорациялары, әртүрлі клирингтік банктер тағыда басқа қаржылық мекемелер. Франциядағы шағын бизнесті несиелендіру негізінен шағын кәсіпорындарды дамыту банкі арқылы жүргізіледі. Бұл банктің капиталының көп бөлігі активтерді басқару және жартылай депозиттер кассасын иеленетін Франция мемлекеті болып табылады. Банктің негізгі бағыты - бұл мемлекет тарапынан шағын бизнесті қолдау.

Жапонияда шағын кәсіпорындар үлесіне: өндірістік өнімнің 55%-зы, көтерме сауданың 60%-зы, бөлшек сауданың 80%-зы тиеді. Еркін нарықты бәсеке шағын кәсіпорындарға сыртқы ортаға бейімделуіне көмектеседі. Мұндай жағдайда мемлекеттік органдар шағын кәсіпорындарға құрал-жабдықтарды жаңртуға, технологияны жақсартуға, өнімге деген сұранысты дамытуға көмек береді. Жапонияның шағын бизнесті мемлекеттік қолданудың басты ерекшелігі – басымды бағыттарды дамытудағы уақыт мерзімі. Басымдылық бағыттар бір немесе одан да көп жылдарға бекітіліп, кейіннен өзгеріп тұруы мүмкін. Мемлекет шағын кәсіпорындарға мемлекеттік тапсырыстарды алуда да көмектеседі. Жапонияда шағын бизнесті мақсатты түрде бюджеттен қаржыландырады. Әрбір министрлік, ведомство өз шығындар бюджетіне шағын бизнеске жұмсалатын қаржыны кіргізеді. Шағын және орта кәсіпорынға жеңілдетілген салық мөлшерлемесі қолданылады. Жапонияда шағын және орта кәсіпорындар жалпы ұлттық өнімнің 73%-ына ие болып отыр.

Жапониядағы шағын кәсіпорындарды несиелендіру орталықтары ірі қаржы - несие орталықтары негізінде іске асырылады. Жапониядағы шағын кәсіпорындарды бір орталыққа бағыттау жүйесіне: орталық үкімет, жергілікті билік органдары, ірі бизнес, шағын бизнестің бірігу мекемелері жатады. Дамыған шағын фирмалардың көлемі 70% дейін жетеді. Сонымен қатар Жапониядағы шағын кәсіпорындарды қаржыландыру бюджеттік қаржыландыру есебінен көрінеді. Жапонияда мемлекет тарапынан орта және шағын кәсіпорындарға ерекше көңіл бөлінген және олар үшін жеке меншік банктерде қаржылық органдары құрылған.

Азиялық қаржылық кризис көрсеткендей шағын және орта кәсіпорындар сыртқы факторға аз тәуелді. Осыдан бұл кәсіпорындар үлкен кәсіпорындарға қарағанда артықшылықтарға ие. Үкіметтің шағын және орта кәсіпорындарды қолдауға бағытталған саясаты өте алуан түрлі болып келеді және бұл саясат кәсіпорындардың ары қарай дамуын қолдайды.

Израиль тәжірибесіне келесідей шараларды:

1. Технопарктердің қызмет ету қағидалары бойынша технологиялық «жылы жайларды» құру және дамыту. Технологиялық «жылы жай» тәуелсіз заңды тұлғаны, фирма немесе ассоциацияны білдіреді. Ол қажетті

инфрақұрылымы, ғылыми – зерттеулер құралдары, жұмыс жасау орындары бар кішкентай ұжымдар біріктіреді. Оның қызметі жарғы немесе қоғамдық комитетпен реттеледі. Технологиялық «жылы жайлар» жаңадан құрылған фирмаларды қолдайды. Кейде өнім өткізу кезеңіне дейін жеткізеді.

2. Бизнес «жылы жайларды» құру. Олар өз басқару органдары, директорлар кеңесі және де экономистер, заңгерлері, бухгалтерлері бар жеке компаниялар. Бизнес – «жылы жайлар» өз ісін ашуға ынталы адамдарға, бірақ ол үшін білімнің жеткіліксіздігі бизнесте бағыттала алмау және ең басты алғашқы капиталдың болмауы кедергі жақсы мүмкіндіктер береді. Екі жыл бойы жобаны құру үшін 300 000 шекелге дейін ақша бөлінеді (81 000 \$) Ол жобаға есептелген шығынның 80% жабады, қалған 20 % жеке инвесторлар ұсынады.

3. Ғылыми зерттеулерді сонымен бірге өнеркәсіпте дайын өнім өндіруді қаржыландыратын ғылыми зерттеу ұйымдары мен қорларын құру.

4. Шағын кәсіпорындар қорының сауда және өнеркәсіп министрлігінің жанынан жұмыс істеу. Қор шағын және орта бизнеске кәсіпорындардың масштабына байланысты жеңілдік беру жолдарын инвестицияларды жүзеге асырады. Көмек сонымен қатар, егер кәсіпорын несие алу үшін мемлекеттік кепіл алу және жеңілдіктерден қашық аймақтарда орналасса қайтарымыз ссуда беру арқылы жүзеге асады. Жеңілдіктер көбінесе өнім өндіретін шағын және орта кәсіпорындарға беріледі.

5. Көптеген Израилдік банктерге шағын бизнеске қолдау арнайы бөлімшелер бар. Олар банктік жеңілдіктер, маркетингтік жеңілдіктер, менеджерлік, консалтингтік қызметтер көрсетеді, кәсіпорындардың бизнес жоспарларын дамыту жобаларын қарастырады және бағалайды.

Қазақстанның шикізат ресурстарынан басқа дамыған ғылымы, біздің еліміздің экономикасы кезіккен қиындықтарды және алатын интеллектуалдық потенциалы бар. Оның үстіне республикада өз өндірістерін конверсиялау процесіндегі кәсіпорындар, сонымен бірге негізінде Hitech сферасындағы шағын және орта кәсіпорындады құруға болатын машина жасау зауыттары бар. Біздің экономикамызда болып жатқан құрылымдық өзгерістер дамыған мемлекеттер сонымен бірге Израилдің шағын және орта бизнестің дамуының тәжірибесін есепке алу қажет.

Бүгінде мемлекет өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, көлікті, байланысты дамытудың басым мемлекеттік бағдарламаларын қаржыландыру, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымның жұмыс істеуін ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алады. Үкіметтің барлық қаржылық шаралары кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қаржылық мүмкіндіктерін тікелей ұлғайтуға ғана емес, сондай-ақ ынталандырушы сипатқа ие және олардың дамуын жалпыұлттық мүдделерді ескере отырып бағыттауға бағытталған. Мемлекет шағын және орта кәсіпорындарды, әдетте, ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамту, инновация, экспорт, өндірістің өңірлік орналасуы сияқты салаларда қолдайды және қаржылық тетіктердің әртүрлі арсеналына сүйенеді. Қаржыландырудың бұл түрі өте маңызды және маңызды болып табылатынын атап өту қажет. Мемлекеттік қаржыландыру

бірнеше нысандарда жүзеге асырылады. Оларға субсидиялар, дотациялар, Субвенциялар, мемлекеттік тапсырыс жатады.

Шетелдік тәжірибеге қарап, республикамызда атқарылатын іс – шараның әлі көп екенін байқауға болады. «Шағын кәсіпкерлікті қолдау туралы» заң атқарылатын іс-шаралардың бастамасы ғана, экономиканың бұл секторын көтеру үшін жүйелі түрде жұмыс атқарылуы керек. Республикамызда шағын және орта кәсіпкерлікке қағаз жүзінде емес, шет елдегі сияқты нақты көмек қажет.

Салалық құрылымда кредит беруде бұрынғысынша сауда және өнеркәсіп немесе ірі тауар өндірушілер көш бастап тұр. Шағын өндірістік бизнес қаржы және банк институттарының мүдделері саласынан тыс қалып отыр, ең бастысы өтімді кепілдік базаның болмауына, қолайсыз факторларға төзімділіктің аз болуына және өндірісті әртараптандырудың төмен дәрежесіне байланысты. Бұл тауашаның толмауы әртүрлі схемалар мен қаржыландыру көздерін пайдалана отырып, балама кредиттік ұйымдар құруды талап етеді.

Қазақстанның Кеден одағына кіруі кезінде шағын және орта бизнес үшін тағы бір проблема бәсекелестіктің өсіп келе жатқан тәуекелдері болып табылады. Бұл жағдайда кәсіпкерлер жоғары сапалы және экологиялық қауіпсіз өнімге бағдар бере отырып, өндірілетін өнімнің сапасын арттыруы және оны тек қазақстандық нарыққа ғана емес, сонымен қатар Ресей, Белоруссия нарығына шығаруы тиіс. Жалпы, республикада шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау көп деңгейлі сипатқа ие. Салық ауыртпалығын төмендету саласындағы іс-шаралар жүзеге асырылуда, меншік пен активтерді заңдастыру жүргізілуде, кредиттік ресурстарға қол жеткізуді жеңілдету жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда, Әкімшілік рәсімдер мен рұқсаттар жеңілдетіледі, шағын және орта бизнесті қолдаудың өңірлік орталықтары ұйымдастырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Кларк Дж. Б. Распределение богатств. М.: Геолис АРВ. 2017ж.
- 2 СаткалиеваТ.С. Динамика развития малого и среднего бизнеса в РК// Статистика, учет и аудит. - No 63. - 2018 г. // Научная электронная библиотека (ПУНЭБ) www.elibrary.ru
2. Narumova. A. Effect of taxes on development of business sphere // EKONOMICKY CASOPIS. - том 50, выпуск 2. - 2017 // информационная база Web of Science (издательство Thomson Reuters), www.apps.webofknowledge.com